

1994-1995 жылдары Реформаларды тереңдету және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 шілде 1994 ж. N 849

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Жолдауында және Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасында баяндалған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994-1995 жылдары Реформаларды тереңдету және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі осыған қосылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары бекітілсін.

2. Министрліктердің, ведомстволардың басшылары, жергілікті әкімдер, ұлттық, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялар осы Жоспарда белгіленген заңдылық және нормативтік актілердің дер кезінде және сапалы әзірленуін қамтамасыз ететін болсын.

Жауапты орындаушылар болып табылатын Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары бірге орындаушылардың келісімі бойынша осы қаулының орындалуы барысы туралы есеп берілетін айдан кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ақпарат беруді қамтамасыз ететін болып белгіленсін.

3. Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасының негізінде министрліктер, ведомстволар мен жергілікті әкімдер бір айлық мерзім ішінде салалар мен аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып, оны жүзеге асыру жөніндегі өз шараларын әзірлейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мәжілістерінде

Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөнінде Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасының, сондай-ақ Үкіметтің іс-қимыл жоспарының орындалу барысы ай сайын қаралып отырады деп белгіленсін.

5. Үкіметтің іс-қимыл жоспарының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті іс басқармасының Жиынтық экономика бөліміне жүктелсін.

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 29 шілдедегі
N 849 қаулысына
Қосымша

1994-1995 жылдары реформаларды тереңдету және
экономиканы тұрақтандыру жөніндегі
Үкіметтің іс-қимыл жоспары

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

- 1 - Тапсырманың, шараның атауы
- 2 - Тапсырманы, шараны аяқтау нысаны
- 3 - Атқарылу мерзімі
- 4 - Атқаруға жауапты министрліктер, ведомстволар
- 5 - Министрлер Кабинеті Іс басқармасының бақылау жасауға жауапты бөлімдері

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

Бәсекелестік саясат және бағаны ырықтандыру

1. Өндірушілердің шығынын жабуды қамтамасыз ететін деңгейге дейін мемлекет реттейтін бағаларды кезең-кезеңімен өсіру, сондай-ақ бағасын мемлекет реттейтін тауарлар тізбесін қысқарту

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. шілде - қазан
4. Экономмині, Қаржымині, Энергокөмірөнеркәсіпмині, Ауылшармині Көлік және коммуникациялар министрлігі
5. Қаржы бөлімі

1. Бағалар мен тарифтерді ырықтандыру
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Экономмині, Қаржымині
5. Қаржы бөлімі

1. "Баға түзу туралы" қолданылып жүрген Қазақ ССР
Заңының күшін жою

2. Заң жобасы, Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. тамыз
4. Экономмині, Қаржымині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі

1. Монополист-кәсіпорындардың бағаға өктемдік ету практикасын
жою

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. тамыз
4. Экономмині, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі
мемлекеттік комитет
5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Баға мен тарифтердің ырықтандырылуына байланысты халықтың
аз қамтамасыз етілген жіктеріне атаулы өтем жасау тетігін енгізу

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Қаржымині, Экономмині, Әлеуметмині, Еңбекмині
5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. "Монополистік қызметті шектеу және бәсекелестікті дамыту
туралы" Заңның жаңа редакциясын қабылдау

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік
комитет, Әділетмині, Экономмині
5. Жиынтық экономика бөлімі

1. Іс жүзіндегі бағаға бақылау жасалуын күшейту, бақылаушы
органдар қызметкерлерінің мәртебесін, олардың құқықтық және
әлеуметтік қорғалуын арттыру жөнінде шараларын әзірлеу

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қараша
4. Экономмині, Қаржымині, Әлеуметмині, Баға және монополияға
қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет
5. Қаржы бөлімі

1. "Тұтынушылар құқығын қорғау туралы" Қазақ КСР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет Әділетмині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

Тауар нарықтарын ырықтандыру

1. Мемлекет мұқтажы үшін өнімдер мен тауарларды сатып алу жүйесінен мемлекеттік сатып алу жүйесіне көшу
2. Қолданылып жүрген заңдарға түзетулер
3. 1994 ж. қазан
4. Экономмині, Қаржымині, Ауылшармині, Қорғанысмині, Ішкіісмині, Мемрезерв, ТЖМК, Өнеркәсіпсаудамині Әділетмині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Аграрлық мәселелер жөніндегі бөлім

1. Тауар биржаларында отандық өндіріс өнімдері мен тауарларын сатуды ұлғайту жөніндегі шараларды әзірлеу
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қазан
4. Экономмині, Қаржымині, Ауылшармині, Өнеркәсіпсаудамині
5. Жиынтық экономика бөлімі

1. Көтерме сауда мен жүк тасымалы саласында жекешелендіру процесін жеделдету және монополистік құрылымдарды ықшамдау жөніндегі шараларды әзірлеу
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қазан
4. Меммүліккомы, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет, Әділетмині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Мембасқару органдары бөлімі

1. Ұлттық мұнай компаниясын құру

2. Президент Жарлығы
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Экономмині, Меммүліккомы, Мұнайгазөнеркәсіпмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Астықты сатып алу бағасын кезең-кезеңімен ырықтандыру
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Экономмині, Қаржымині, Ауылшармині
5. Қаржы бөлімі, Аграрлық мәселелер жөніндегі бөлім

1. Тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортын квоталау мен лицензиялауды жою
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қазан
4. Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Сыртқы байланыстар бөлімі, ТМД істері жөніндегі бөлім

1. МССК атынан оларды мемлекеттік мәртебесінен айырып және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтарымен теңестіріп, сыртқы саудада мемлекеттің монополиясынан бас тарту
2. Президент Жарлығы
3. 1994 ж. қазан
4. Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет
5. Жиынтық экономика бөлімі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

Бюджет саясаты

1. Нан және нан-тоқаш өнімдерінің, құрамажемнің бағасын кезең-кезеңімен өсіре отырып, бюджеттен дотация беруді қысқарту
2. Республикалық бюджет туралы Заңның жобасы Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. шілде

4. Қаржымині, Экономмині, Ауылшармині, Еңбекмині
5. Қаржы бөлімі

1. Мемлекеттік басқару мен атқарушы өкімет органдарында жұмыс істеушілердің санын қысқарту жөніндегі шараларға сәйкес бюджеттегі ұйымдардың еңбекақы қорын ЖІӨ-нің 3 процентіне шектеу

2. Республикалық бюджет туралы Заң жобасы, Министрлер

Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. шілде
4. Қаржымині, Экономмині, Еңбекмині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. Бұрын республикалық бюджеттен жасалған әлеуметтік төлемдердің бір бөлігін анықтау және оны жергілікті бюджеттердің шығыс бөлігіне енгізу

2. 1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңның жобасы

3. 1994 ж. желтоқсан
4. Қаржымині, Экономмині
5. Қаржы бөлімі

1. Кірісті ескере отырып, бюджет шығындарын секвестрлендіру

тетігін әзірлеу және оны салықбюджет саласының жайына сәйкес жүзеге асырылуын көздеу

2. Секвестрлендіру тетігі туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс жасау

3. 1994 ж. тамыз
4. Қаржымині, Экономмині
5. Қаржы бөлімі

1. Ішкі банк кредиттері есебінен бюджет тапшылығын қаржыландыруды шектеу

2. 1994 және 1995 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Заң жобалары

3. 1994 ж. шілде, желтоқсан

4. Қаржымині, Экономмині, Ұлттық банк

5. Қаржы бөлімі

1. Алтын-валюта резервіне билік жүргізу құқығын Қаржыминіне беру

2. Президент Жарлығы

3. 1994 ж. тамыз

4. Қаржымині, Ұлттық банк, Әділетмині

5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Сыртқы займдарды қамту жөнінде ішкі резервтер жасау үшін республикалық бюджеттен арнайы қаржы бөлінуін көздеу

2. 1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы Заң жобасы, Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. желтоқсан

4. Қаржымині, Экономмині, Ұлттық банк

5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Республикалық бюджетке басы бос қаржылардың тартылуын қамтамасыз ететін ішкі займдарды жүзеге асыру тетігін әзірлеу

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. қыркүйек

4. Қаржымині, Экономмині, Ұлттық банк

5. Қаржы бөлімі

1. Мемлекеттік қаржы саясаты мәселелеріндегі Қаржыминінің құқығы мен жауапкершілігін күшейту

2. Президент Жарлығы

3. 1994 ж. шілде

4. Қаржымині, Әділетмині

5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

Кредит саясаты

1. Кәсіпорындар мен ұйымдардың банкроттығы туралы, Ұлттық банк туралы, Қазақстан Республикасының банктері туралы Заңдардың жаңа редакциясын қабылдау

2. Заңдар жобалары Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Қаржымині, Меммүлікком, Экономмині, Әділетмині, Ұлттық банк
5. Жиынтық экономика бөлімі, Қаржы бөлімі

1. Кәсіпорындар мен ұйымдардың берешектерін уақтылы әрі толық өтеуін қамтамасыз ету мақсатында берешек кәсіпорындар мен олардың басшыларына ықпал ету шаралар жүйесін әзірлеу

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Қаржымині, Экономмині, Ұлттық банк
5. Қаржы бөлімі, Мембасқару органдары бөлімі

1. Қазақстан Республикасының ірі коммерциялық банктерінің аудиторлық тексеру жүргізу тетігі жөнінде ұсыныс әзірлеу

2. Ұлттық банк басқармасының шешімі
3. 1994 ж. тамыз
4. Ұлттық банк Қаржымині
5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Коммерциялық банктердің аудиторлық тексерілуін жүзеге асыру

2. Аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды
3. Қаржымині бекіткен кесте-жоспарға сәйкес
4. Қаржымині, Экономмині, Ұлттық банк
5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Ұлттық банктің аудитін жүзеге асыру

2. Аудиторлық тексерудің нәтижелері бойынша қорытынды
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Тәуелсіз шетел аудиторлық конторы
5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Орталықтандырылған кредит үлесін дәйекті түрде қысқарту,

IV тоқсанда аукционда сатылған кредит үлесін 75 процентке дейін ұлғайту

2. Ұлттық банк басқармасының шешімі
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Ұлттық банк, Қаржымині, Экономмині
5. Қаржы бөлімі

1. Орталықтандырылған кредитті бөлу мен пайдалану тәртібі туралы Ережені бекіту, онда орталықтандырылған кредит үшін жауапкершілікті банк жүйесінен республика бюджетіне ауыстыру

2. Министрлер Кабинеті мен Ұлттық банктің бірлескен қаулысы
3. 1995 ж. қараша
4. Қаржымині, Экономмині, Ұлттық банк
5. Қаржы бөлімі

1. Ұлттық банкті заң шығарушы және атқарушы өкіметке тәуелсіз ету

2. Республика Конституциясына түзету
3. 1994 ж. қараша
4. Қаржымині, Әділетмині, Ұлттық банк
5. Қаржы бөлімі

1. Ауыл шаруашылығын қаржы жағынан қолдау институтын (АШҚИ) құру, сол арқылы 1995 жылғы I қаңтардан бастап ауыл шаруашылығына бүкіл бюджеттік субсидияларды беруді жүзеге асыру

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. тамыз
4. Қаржымині, Экономмині, Ауылшармині, Ұлттық банк
5. Қаржы бөлімі, Аграрлық мәселелер жөніндегі бөлім

1. Агроөнеркәсіпбанктің активтерін АШҚИ балансына өткізу және кейіннен қайта капиталдандыру жолымен "тазартуды" көздей отырып, оны реформалауды бастап, жыл аяғына дейін аяқтау

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. тамыз
4. Қаржымині, Ауылшармині, Ұлттық банк
5. Қаржы бөлімі, Аграрлық мәселелер жөніндегі бөлім

1. Қазақстан Республикасының резерв жүйесін құру

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қараша
4. Қаржымині, Экономмині, Ұлттық банк
5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

Өндірістік кәсіпорындар мен қаржы секторының
реформасы

1. Түрлі меншік нысандарындағы шет ел әріптестерімен де, сол сияқты отандық әріптестермен де бірлескен кәсіпорындар құрудың бірыңғай тетігін әзірлеу
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. шілде
4. Экономмині, Меммүлікком, Қаржымині, Әділетмині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Мембасқару органдары бөлімі

1. Банкроттық процедурасын жүргізудің тиімділігін арттыру

және оны оңайлату шараларын, сондай-ақ банкрот деп жариялауды және зиян шегуші кәсіпорындарды санациялау тетігін көздеу

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Қаржымині, Меммүлікком, Экономмині, Әділетмині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Қаржы бөлімі

1. Қаржыминінің жанынан зиян шегуші кәсіпорындарды қайта құрылымдау және қаржылық сауықтыру қызметімен айналысатын қаржы институтын, сол сияқты кәсіпорындарды қаржылық қайта қалпына келтіру жөніндегі агенттік құру

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қараша - желтоқсан
4. Қаржымині, Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині, Әділетмині

5. Қаржы бөлімі, Мембасқару органдары бөлімі

1. Қаржы субсидияларын және басқа да жеңілдіктерді кәсіпорындарға тек бюджет арқылы беру режимін заң жүзінде баянды ету

2. Қолданылып жүрген заңдарға түзетулер
3. 1994 ж. қараша
4. Қаржымині, Экономмині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі

1. Бухгалтерлік есептің жаңа жүйесін енгізу
2. Заң жобасы
3. 1995 ж. III-IV тоқсан
4. Қаржымині
5. Қаржы бөлімі

1. Кәсіпорындардың балансындағы әлеуметтік, мәдени-тұрмыс объектілерін пайдалану тәртібін регламенттейтін ережені әзірлеу

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Экономмині, Қаржымині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі, Қаржы бөлімі

1. Әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендіру туралы ережені әзірлеу немесе осы объектілерді конкурс бойынша сату немесе оларды акционерлік қоғамдарға айналдыруға рұқсат беретін уақытша ережелер шығару

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. шілде
4. Меммүліккомы, Әділетмині, Қаржымині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. Жергілікті өкімет органдарына берілетін әлеуметтік, мәдени-тұрмыс объектілерін пайдалану, оларды қаржыландыру тәртібін әзірлеу

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Экономмині, Қаржымині

5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Заңды әзірлеу
2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қараша
4. Экономмині, Әділетмині
5. Жиынтық экономика бөлімі, Мембасқару органдары бөлімі

1. "Кәсіпорындар туралы" Заңның күшін жойылды деп тану
2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қараша
4. Әділетмині, Экономмині
5. Заң бөлімі

1. "Лизинг туралы" Заңды әзірлеу
2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қазан
4. Өнеркәсіпсаудамині Экономмині, Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

Жекешелендіру

1. Инвестициялық жекешелендіру купондарының құнды болуына мемлекеттік кепілдік беру тетігін қарастыру

2. Президент Жарлығы
3. 1994 ж. қараша
4. Меммүліккомы, Экономмині, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет, Әділетмині
5. Жиынтық экономика бөлімі

1. Шетел сатып алушыларына объектілерді сату жөнінде мамандандырылған аукциондар ұйымдастыру туралы ұсыныстар әзірлеу

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Меммүліккомы, Әділетмині, Қаржымині, Сыртбайланысмині, Сыртқыісмині

5. Жиынтық экономика бөлімі

1. Инвестициялық жекешелендіру қорларының бірігу және ірілену тәртібі мен олардың қызметінің тиімділігін арттыру тетігін әзірлеу

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. қараша

4. Меммүліккомы, Экономмині, Қаржымині, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет, Әділетмині

5. Жиынтық экономика бөлімі

1. Жарғылық және негізгі қорларды қайта бағалауды, сондай-ақ инфляцияға ұшырамаған нарықтық өлшем есебін жүргізуді жүзеге асыру

2. Президент Жарлығы

3. 1994 ж. қазан

4. Мемстатком, Қаржымині, Меммүлікком

5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Бұқаралық ақпарат, радио және телекоммуникациялар, энергетика, теміржол көлігі объектілерін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге көзқарасты анықтау

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. қазан

4. Меммүліккомы, Баспасөзмині, Энергокөмірөнеркәсіпмині Көлік және коммуникациялар министрлігі

1. Ұлттық акционерлік, мемлекеттік акционерлік және холдинг компанияларын монополиясыздандыру мен дамыту жөнінде іс шараларын әзірлеу

2. Президент Жарлығы, Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. желтоқсан

4. Экономмині, Меммүліккомы, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет, Әділетмині,

Өнеркәсіпсаудамині, Көлік және коммуникациялар министрлігі
Мұнайгазөнеркәсіпмині, Энергокөмірөнеркәсіпмині

5. Мембасқару органдары бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алудың, мына жәйттерді ескере отырып, заңдық негізін жетілдіру:

- "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру" Заңының жаңа редакциясын дайындау

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Меммүліккомы, Қаржымині, Экономмині
5. Жиынтық экономика бөлімі

1. - "Шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғамдар мен компаниялар туралы" Заңның жаңа редакциясын дайындау

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Әділетмині, Меммүліккомы, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет
5. Жиынтық экономика бөлімі, Мембасқару органдары бөлімі

Салық саясаты

1. Салық кодексінің жобасын әзірлеу
2. Салық кодексінің жобасы
3. 1994 ж. қараша
4. Қаржымині, Экономмині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Экономикалық өзгерістер қорын, Жол қорын, Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қорын кезең-кезеңімен таратуды жүзеге асыру

2. Заң жобалары, Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қараша
4. Қаржымині, Экономмині
5. Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

1. Жеке адамдардың кірістеріне салынатын салықтың жоғарғы шегін анықтау

2. Республикалық бюджет туралы Заңның жобасы
3. 1994 ж. шілде
4. Қаржымині
5. Қаржы бөлімі

1. Қосылған құнға салық төлету тәртібін анықтау, акция төлету тәртібін дәлдеу

2. Қолданылып жүрген заңдарға түзетулер
3. 1994 ж. қараша
4. Қаржымині
5. Қаржы бөлімі

1. Жер салығын, жеке адамдардың мүлкіне салынатын салықты, тағайындалған (ренталық), төлемдерді есептеу тәртібін анықтау

2. Қолданылып жүрген заңдарға түзетулер
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Қаржымині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Мембасқару органдары бөлімі

1. "Кәсіпорындардың пайдасы мен кірісіне салық салу туралы" "Жеке адамдардың табысынан алынатын салық туралы" заңдардың жобаларын енгізу

2. Заң жобалары
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Қаржымині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Мембасқару органдары бөлімі

1. Салыққа қатысы жоқ барлық заң актілерінен салық тәртіптерін алып тастау

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қараша
4. Қаржымині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Заң бөлімі

1. Компьютерлік технологияларды енгізуді және кадрлар даярлау жүйесін құруды қамтамасыз ету арқылы салық қызметінің материалдық базасын нығайтуды қамтамасыз ету

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Қаржымині
5. Қаржы бөлімі

1. Салықтарды төлемегені үшін жауапкершілікті қатайта түсу

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Қаржымині, Бас прокуратура, Ішкіісмині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Құқық қорғау органдары бөлімі

Әлеуметтік саясат

1. Бірыңғай тариф сеткасының жаңа параметрлерін әзірлеу
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Еңбекмині, Қаржымині, Экономмині
5. Қаржы бөлімі

1. Ең төменгі тұтыну бюджеті туралы жаңа Заңды әзірлеуді

немесе қолданылып жүрген заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізуді ескере отырып, азаматтардың күнкөріс минимумынан төмен емес табыс табуына жағдай туғызуды қамтамасыз ететін принципті жаңа әдістер әзірлеу

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Еңбекмині, Әлеуметмині, Мемстатком, Экономмині, Денсаулықмині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. "Азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы"
2. Заң жобасы
3. 1994 ж. IV тоқсан
4. Әлеуметмині, Қаржымині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. "Халықты жұмыспен қамту туралы" және "Ұжымдық шарттар туралы"

2. Заң жобалары
3. 1995 ж. I-III тоқсандар

4. Еңбекмині, Қаржымині, Экономмині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. "Еңбек кодексі туралы"
2. Заң жобасы
3. 1995 ж. III тоқсан
4. Еңбекмині, Әділетмині, Экономмині, Қаржымині, Қазкәсіподақ
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. "Мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңдарға өзгертулер мен толықтырулар әзірлеу
2. Заң жобасы
3. 1994 ж. III тоқсан
4. Әлеуметмині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. "Ең төменгі еңбекақы мен еңбекке ақы төлеу саласында мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер туралы" Заңды нарықтық экономика талаптарына сәйкес келтіру
2. Заң жобасы
3. 1995 ж. I тоқсан
4. Еңбекмині, Экономмині, Әлеуметмині, Қаржымині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. Мұқтаж адамдарға әлеуметтік көмек көрсету тетігін әзірлеу
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Еңбекмині, Әлеуметмині, Қаржымині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. Кесімді кірісі бар қызметкерлерге еңбекақы төлеуді реттеудің айқындамасын дайындау
2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1995 ж. I тоқсан
4. Еңбекмині, Экономмині, Қаржымині
5. Қаржы бөлімі

1. Міндетті, ерікті сақтандыруды
2. Заң жобалары

3. 1994-1995 ж.ж. ішінде
4. Әлеуметмині, Қаржымині, Әділетмині, Еңбекмині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. Сақтандыру медицинасын ендіру мен дамытуға арналған заңдардың негізін әзірлеу

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. ішінде
4. Денсаулықмині, Қаржымині, Әділетмині
5. Қаржы бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. Сақтандыру медицинасын дамытудың мемлекеттік Бағдарламасын жасау

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1995 ж. қаңтар
4. Денсаулықмині, Қаржымині
5. Әлеуметтік сала бөлімі

Экологиялық саясат

1. "Қазақстан Республикасында қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы" Заңның жаңа редакциясын қабылдау

2. Заң жобасы Министрлер кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Экобиоресурсмині, Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың құқықтық базасын жетілдіру

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қазан
4. Экобиоресурсмині Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану үшін мемлекеттік экологиялық бақылаудың тиімділігін көтеру жөніндегі шараларды қарастыру

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. тамыз

4. Экобиоресурсмині, Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Табиғатты пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру, бюджетке түсетін қаржының көлемін ұлғайту шараларын көздеу

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қараша
4. Экобиоресурсмині, Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Қазақстан Республикасында қорғалатын аумақтар жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасын құру

2. Заң жобасы
3. 1994 ж. қыркүйек
4. Экобиоресурсмині, Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын күшейту

2. Қолданылып жүрген заңдарға түзетулер
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Экобиоресурсмині, Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Ластаушы заттардың лақтырындыларымен атмосфера ауасының ластануын реттеуді жетілдіру жөніндегі шараларды көздеу

2. Заң жобасы
3. 1995 ж. ішінде
4. Экобиоресурсмині, Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Ауызсумен жабдықтайтын бастауларды ластаушы заттардың қалдықтарынан қорғау жөніндегі құқықтық нормаларды әзірлеу

2. Заң жобасы
3. 1995 ж. ішінде
4. Экобиоресурсмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Жекеменшік орман шаруашылықтарын ұйымдастырудың құқықтық негізін жасау

2. Заң жобасы
3. 1995 ж. ішінде
4. Экобиоресурсмині, Әділетмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Табиғатты тиімді пайдаланудың 2010 жылға дейінгі Ұлттық бағдарламасын әзірлеп, бекіту

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. тамыз
4. Экобиоресурсмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. 1994-2010 жылдар кезеңіне арналған "Қазақстан орманы" Ұлттық бағдарламасын әзірлеп, бекіту

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. тамыз
4. Экобиоресурсмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Жүйелі кең ауқымды экологиялық және табиғи-ресурстық мониторинг құрудың республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламасын әзірлеп, бекіту

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. тамыз
4. Экобиоресурсмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

1. Экобиоресурсминіне атмосфера ауасына, жер және су ресурстарына мембақылау қызметін беру есебінен мемлекеттік басқару мен экологиялық бақылаудың бірыңғай қызметін құру

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қараша
4. Экобиоресурсмині
5. Мембасқару органдары бөлімі

Тұрғын үй нарығының қалыптасуы және дамуы

1. Орталықтандырылған қаржы көздерінің тұрғын үй құрылысына көзделген 80 проценттен кем емес қаражатын жаңа тұрғын үй саясатының тетіктерін пайдалана отырып, басталған құрылыстарды аяқтауға жұмсау

2. Әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарлары мен Қазақстан Республикасының бюджетін әзірлеу кезінде ескерілсін

3. 1994-1995 ж.ж.

4. Экономмині, Құрылысмині

5. Мембасқару органдары бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. Өзінде жылжымайтын мүлік пен жердің заңдық құқықтарын, техникалық сипаттамалары мен құнын біріктіретін жылжымайтын мүліктердің Мемлекеттік Кадастрын - жылжымайтын мүлікті тіркеу мен есепке алудың мемлекеттік жүйесін құру

2. Жұмыс тобын құру жөніндегі Министрлер Кабинетінің өкімі, Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. тамыз 1995 ж. наурыз

4. Құрылысмині, Мемжерком, Қаржымині, Мемстаткомы, Әділетмині,

Меммүліккомы, Облыстық әкімшіліктер, Алматы және Ленинск қалаларының әкімшіліктері

5. Мембасқару органдары бөлімі, Қаржы бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі

Құқық тәртібін нығайту

1. Қылмыстық кодекс, Қылмыстық-іс жүргізу кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, жеке тыңшылар және күзет қызметі туралы, Салық милициясының құқықтары мен міндеттері туралы Заң жобаларын әзірлеуді аяқтау

2. Заң жобалары

3. 1994 ж. қыркүйек-желтоқсан

4. Әділетмині, Ішкіісмині, Қаржымині

5. Құқық қорғау органдары бөлімі, Қаржы бөлімі

1. Мемлекеттік қаржы бақылау органдары қызметінің құқықтық базасын нығайту

2. Заң жобалары
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Әділетмині, Мемқаржыбақылау
5. Қаржы бөлімі, Құқық қорғау органдары бөлімі

1. Нашақорлыққа және есірткі құмарлыққа қарсы күрес, сондай-ақ

жастар мен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы үкімет бағдарламаларын әзірлеп, бекіту

2. Министрлер Кабинетінің қаулылары
3. 1994 ж. IV тоқсан - 1995 ж. I тоқсан
4. Ішкіісмині, Біліммині, Жастартурспортмині
5. Құқық қорғау органдары бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі

1. Жаңа, нарықтық және демократиялық тұжырымдама негізінде Қазақстан Республикасының "бірінші буындағы" заңдарын жүйелеу, бірлестіру және кодификациялау мақсатындағы жалпы түгендеу мен тексеруді аяқтау

2. Ұсыныстарымен бірге қорытындылаушы анықтама
3. 1994 ж. II жарты жылдық - 1995 ж. I жарты жылдық
4. Әділетмині
5. Заң бөлімі, Құқық қорғау органдары бөлімі

1. Азаматтарға құқықтық тәрбие беру мен оқытудың, мемлекеттің құқықтық саясаты мен заңдарын түсіндірудің және насихаттаудың біртұтас жүйесін құру

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. желтоқсан
4. Әділетмині, Ішкіісмині, Баспасөзмині, Біліммині
5. Құқық қорғау органдары бөлімі

1. Қоғамдық құрылымдардың құқық бұзушылыққа қарсы күреске қатысуы бойынша қолда бар тәжірибені жинақтау, оларды моральдық және материалдық ынталандырудың жүйесін әзірлеу

2. Министрлер Кабинетінің қарауына
3. 1994 ж. қазан
4. Ішкіісмині, Әділетмині
5. Құқық қорғау органдары бөлімі

1. Әскери бөлімдерде атыс қарулары мен оқ-дәрілерді сақтауды қамтамасыз ету және халықтың қолында заңсыз сақталып отырған қаруларды алу бойынша кешенді іс-шаралар жүргізу

2. Министрлер Кабинетінің қарауына
3. 1994 ж. ішінде
4. Қорғанысмині, Ішкіісмині
5. Қорғаныс және құқық қорғау органдары бөлімдері

1. Милицияның бекеттік-шолғыншылық қызметі санын көбейту, теміржол және әуе көліктеріндегі жолаушылар мен жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы бөлімшелер құру

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1995 ж.
4. Ішкіісмині
5. Құқық қорғау бөлімі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

Кадрлар даярлау

1. Министрлер Кабинетінің "Студенттер мен аспиранттарды шетел оқу орталықтарына оқуға жіберу туралы" қаулысын қабылдау

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы
3. 1994 ж. қазан
4. Біліммині, Экономмині, Қаржымині
5. Әлеуметтік сала бөлімі, Ғылыми-техникалық прогресс бөлімі, Жиынтық

экономика бөлімі

1. Министрлер Кабинетінің "Білім саласында сыртқы байланыстарды үйлестіру жөнінде және кәсіпорын басшылары үшін оқу турларын ұйымдастыру жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы" қаулысын қабылдау

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. қыркүйек

4. Экономмині, Біліммині

5. Жиынтық экономика бөлімі

1. Министрлер Кабинетінің "Талантты кадрларды іріктеу мен даярлау бойынша тәжірибелік эксперименталдық ғылыми-зерттеу оқу орталығын құру туралы" қаулысын қабылдау

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. наурыз

4. Экономмині, Біліммині, Әбу Насыр Әль-Фараби атындағы жас

таланттарды қолдау жөніндегі республикалық Қор (Фараби-қор)

5. Жиынтық экономика бөлімі

1. Министрлер Кабинетінің "Біліктілікті жетілдірудің мемлекеттік ведомстволық институттары мен факультеттерінің әдістемелеу қызметін үйлестіру бойынша ведомствоаралық комиссия құру туралы" қаулысы

2. Министрлер Кабинетінің қаулысы

3. 1994 ж. қыркүйек

4. Экономмині, Біліммині, Еңбекмині

5. Жиынтық экономика бөлімі, Ғылыми-техникалық прогресс бөлімі

Ескерту: Бірге орындаушылармен және басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісу мерзімі
10 күннен аспайды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК